

**Қарағанды облысының әкімдігі**  
**Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы**

Қаздауысты Қазыбек бидің 350 жылдық мерейтойына арналған

**«ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ ЖӘНЕ ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ**  
**МҰРАСЫ»**

атты республикалық ғылыми-практикалық конференция  
материалдарының жинағы

**Қарағанды 2017 жыл**

**ӘОЖ 930 (063)**  
**КБЖ 63.3 (5 қаз)**  
**Ұ 43**

**РЕЦЕНЗЕНТТЕР:**

**Б.С. Рахымов** – филология ғылымдарының докторы, профессор  
**Ш.М. Мәжітаева** – филология ғылымдарының докторы, профессор

**Жалпы редакцияны басқарған:** А.М. Сүлейменов – Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының бөлім басшысы

**Баспаға әзірлеген:** Б.Ж. Алтынбек – Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының жетекші маманы; М.Ш. Ағымбаева – Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының әдіскері; А.Ғ. Есенгелді – Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының оқытушысы

**Техникалық редактор:** Е.Б. Белгібеков – Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының бағдарламашысы

**Ұ 43** Ұлттық руханият және Қаздауысты Қазыбек би мұрасы// (мақалалар жинағы).– Қарағанды, 2017. – 245 бет.

**ISBN 978-601-06-4084-9**

Жинақта Қаздауысты Қазыбек би Келдібекұлының 350 жылдық мерейтойына арналған «Ұлттық руханият және Қаздауысты Қазыбек би мұрасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары топтастырылып берілген. Жинақ аса ірі саяси тұлға, би, шешен, философ, мәмілегер, қазақ ұлтының тарихында өшпес із қалдырған Қаздауысты Қазыбек бидің мемлекет пен құқық тарихындағы орны, ұлт дүниетанымы мен руханиятын дамытуға қосқан үлесі, шешендік өнер мен тіл мәселелері туралы мағлұмат береді.

Мақала мазмұнына ұйымдастырушылар мен баспа бөлімі жауап бермейді.

**ӘОЖ 930 (063)**  
**КБЖ 63.3 (5 қаз)**

**ISBN 978-601-06-4084-9**

© Қарағанды облысының  
тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, 2017

және адамдар арасындағы қарым-қатынасты ізгілендіруге бағытталған. Шортанбай мұрасы имандылық пен әдептілікті, өмірлік бағдар ретінде ұстануға шақыратын рухани шамшырақ.

Дулат Бабатайұлының өлеңдерінің басты тақырыбы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатынан туындаған әділетсіздіктерді және отарлық жүйенің қазақ елін рухани отарлауын ашық сынау және халықты ұлттық құндылықтарды ұстануға шақыру болып табылады. Ол қазақ жастарын ұлтжандылық пен ерлікке, тәрбиелікке және имандылыққа шақырған өлеңдерінде қоғам шындығын шынайы суреттей отырып, адам болмысын жан-жақты ашып көрсетеді. Оның әдептілік ұстанымы имандылыққа, шыншылдық пен әділеттілікке шақырған.

Әуелі Алла айталық,  
Ағузы билляһи әліпті.  
Қайыр беріп сыйлаңыз,

Мүсәпір мен кәріпті [4] С. Дәуітұлы жыраулар мұрасындағы ислами түсініктерді көрсете келе, былай дейді: «Жыраулық поэзияның түп қазығы – ақыл-нақыл екендігі әммеге аян». Ақын-жыраулар – Ислам құндылықтарын ұлттық діл мен дүниетаным ерекшеліктеріне сай насихаттаған имани әдебиеттің және ғибратты тәлімнің жарқын үлгісі. Ақын-жыраулардың мұрасын бүгінгі заман талабына сай тиімді қолдана білсек, исламның адамзатқа ортақ құндылықтарын тереңнен игеріп, ұлттық дәстүр мен қазақи әдептегі діни ахлақтық ұстанымдарды түсінуге жол ашылады. Ұлттық тұтастық пен рухани дағдарыстан құтқарар рухани кемелділікті жырлаған ақын-жыраулардың ұстанымдары – Мәңгілік Елдік мұратымызға қызмет ететін асыл мұра.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Кенжебайұлы Бейсембай. Түрік қағанатынан бүгінгі күнге дейін. – Алматы: Асем-Систем, 2010. – 344 б.
2. Бейсенов Қ. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері: филос. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 1994. - 43 б.
3. Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 133 б.
4. Дулат. Замана сазы: өлеңдер мен дастандар. - Алматы: Жазушы, 1991. -160 б..
5. Дәуітұлы С. Хақ жолында. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 352 б.

### **ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ҚЫРЛАРЫ**

**М.А. БИЖАНОВА**

*Алматы технологиялық университеті,  
Кәсіптік оқыту және қоғамдық  
ғылымдар кафедрасының доценті,  
философия ғылымдарының кандидаты*

**Н.Б. ӨМІРОВА**

*Б. Момышұлы атындағы Алматы республикалық  
«Жас ұлан» мектебінің мұғалімі*

Билер дәуірінің әдеби мұрасынан халқымыздың салт-санасы, болмыс мәдениеті, философиясы, парасат-пайымы танылатыны белгілі. Қазақ билерінен жеткен мұралардың көркемдік сипатынан жүйелі де, терең ой, сөз күдіреті көрініс тапқан. Қазақ халқының ойтанымын саралауда билер өнерінің мәдени маңызы ерекше екеніде белгілі. Халқымыз ақыл-ой, терең танымды қымбат қазына, баға жетпес байлық деп дәріптегендіктен «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген әділдігіне бас игендіктен билерге жүгінген. Әділеттілігімен ел алдында абырой беделге ие болған билер ел бірлігі мен берекесінің

ұйытқысы болумен бірге ерлік, азаматтық, парасаттылық, ар-ұжданды қасиет тұтушылық сынды жалпы азаматтық рухани құндылықтарды насихаттаушылар ретінде танылады. Осында дара тұлға Қазыбек Келдібекұлының қазақ тарихында алатын орны ерекше.

Халқымыздың айтулы кемеңгер билерінің бірі – Қаздауысты Қазыбек шешендігімен дараланып, көзге түскен тарихи тұлға. Қазыбектің шын мәніндегі шешендігі мен жер жарған даңқы кешегі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» бүкіл қазақ даласына жайылады. Ол халқымыздың басына ауыр күн туып, не ел болу, не құрып кету қаупі төнген қиын сәтте суырылған шешендігімен, алғыр да білгір көсемдігімен ел намысын қорғап қалады.

Қазыбек есімі екі елдің арасын бітістіруші батыл елші, парасатты мәмілегер ретінде мәлім. Ұзақ сөзбен емес, ұрымтал оймен, ұшқыр қиялымен саралай отырып, дәлелді жеткізген сөздері шешеннің еш нәрседен қайтпайтын қайсар әрі шешен, әрі батыр екенінің дәлелі. Бидің жастық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барғаны туралы айтылады. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіңкіреп қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: «Дат, тақсыр!» деп жұлқынып алға шығады да:

«Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.

Елімізден құт-береке қашпасын деп, Жеріміздің шетін жау баспасын деп

Найзасына жылқының қылын таққан елміз.

Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз.

Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз.

Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз,

Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз.

Танымайтын жат елге – танысқалы келгенбіз,

Танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз.

Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз,

тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз.

Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!» – деп ойын ашық білдіреді. Мірдің оғындай екпінді сөздерімен Жоңғар ханның тіл-аузын аштырмай «айтқан сөзі- құрған қақпандай» болғанын анық байқаймыз.

Қазақ елінде дер кезінде тауып айтылған тапқырлық пен аталы сөзге қарсы уәж айтылмаған. Шешендік сөздің ел өміріндегі орны мен мәні ерекше болған. Ру арасындағы кішігірім дау жалдан бастап, ел ішіндегі жер дауы, жесір дауы, тіпті барымта, адам өлімі мен құн дауларын білікті билар шешіп отырған екі жақтың даугер билері не бір күрделі, шиеленіскен, шешуі қиын істерді, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітістіретінде болғандығы туралы айтылады [1].

Дала өркениетінің дамуына айтулы үлес қосқан билер мұрасы шын мәніндегі биік өнердің үлгісі. Қазіргі таңдағы билер мұрасының қандай ықпалы бар дегенге келсек. Ұлттық салт-санамыздың тірегі болар билер мұрасын насихаттау өзіміз үшін, өзіміздің ұлт екенімізді көрсету үшін маңызды.

Қоғамдағы әлеуметтік және рухани тепе-теңдіктің қалыптасуы көбінесе моральдік қалыптардың жетекші рөл атқаруымен, тіптен имандылық, руха-нилықтың негізгі күшке айналуымен тікелей байланысты екенін Қазыбек би жете түсінген. Әсіресе, адамның өзіндегі табиғи пендешілік әлсіздіктерінің құрсауында болуы жақсылыққа жетелемейтіндігін мына өлең-өсиет жолдары арқылы жеткізеді:

Өркенің өссін десең,

Кекшіл болма –

Кесепаты тиер еліңе.

Елім өссін десең,  
Өршіл болма,  
Өскеніңді өшіресің.  
Басыңа іс түскен пақырға  
Қастық қылма –  
Қайғысы көшер басыңа.  
Жанашыры жоқ жарлыға,  
Жәрдемші бол асыға.  
Қиын-қыстау күндерде  
Өзі келер қасыңа  
Бүгін сағы сынды деп,  
Жақыныңды басынба! [2,150 б]

Міне, осы өсиеттердің терең астарларында қоғамның жалпы дамуы үшін жеке тұлғаның жетілуі, қажеттігі өз заманында айтып тұрғандай Қазыбек би. Бұл даналыққа толы қазақтың далалық өркениеттің негізгі құндылықтық бағдарлары болатын. Осындай рухани көсемдері болған әрбір жүздің ру-тайпалары үнемі қиын-қыстау кезеңнің өзінде шынайы адамдық келбеттің мүддесін қорғаумен болған, далалық демократияның ұстанымдарын нығайтумен айналысты.

Қазақтың билерінің дәстүрлі қоғамда рухани байлықты көбейте түсуге сіңірген еңбегі зор. Қазыбек би өз шығармашылығында рухани құнды-лықтардың ең қайнар көзі адамгершілікте, моральдік қалыптарда, жаман қа-сиеттерді жеңе білуде екенін атап көрсетеді. Ұлы би жалпыадамзаттық бірліктің негізі сол адам өмір сүретін шағын әлеуметтік қауымдастықта қаланатынына меңзегендей. Дүниеде ол адамдарды сұрыптап, «жақсы-жаман», «бөтен-жақын» деп бөлмеу қажеттігін үйретеді. Тіршіліктегі әрбір пенденің өмір сүруге, бақытты болуға, қайырымдылықты сезінуге толық құқы бар екендігіне рухани бағдар жасайды [3,30 б].

Қазыбек бидің өмірдегі әлеуметтік қатынастардағы кейбір тұлғалық белгілерін анықтауы өте биік деңгейде болатын. Ол адамдардағы руханилықтың, жақсы тәрбиенің, моральдық бағдарлардың маңыздылығын көрсете білген. Мәселен, оған қойылған «Кім жақын, не қымбат, не қиын?» деген үш сұраққа берген жауаптары дәстүрлі қоғамдағы рухани өмірдегі құндылықтар жүйесінен мағлұмат береді және олар көшпелі мәдениет туралы үстірт пікірлерге қарсы нағыз дәлелді қайтарым болады деген ойдамыз:

1. Тату болса, ағайын жақын,  
Ақылшы болса, апайың жақын.  
Бауырмал болса, інің жақын,  
Алдыңа тартқан адал асын,  
Қимас жақын - қарындасың,  
Сыбайлас болса, нағашың жақын.  
Адал болса, досың жақын.  
Еркелейтін немерең жақын.  
Өз ұрпағың - шөберең жақын.  
Жан серігің жас кезіңнен  
Бәрінен де әйелің жақын

2 Алтын ұяң Отан қымбат,  
Құт-берекең - атаң қымбат.  
Аймалайтын анаң қымбат,  
Мейірімді апаң қымбат,  
Асқар тауың - әкең қымбат,  
Туып өскен елің қымбат,  
Ұят пен ар қымбат,

Өзің сүйген жар қымбат,

3. Арадан шыққан жау қиын,  
Таусылмайтын дау қиын.  
Шанышқылаған сөз қиын,  
Дәл осындай жағдайда,  
Пана болмас өз үйің.  
Жазылмаса дерт қиын,  
Іске аспаған серт қиын.  
Ақылыңнан адасып,  
Өзің түскен өрт қиын.  
Не істеріңді біле алмай,  
Ашиды сонда бас, миың [4,316].

Қазыбек бидің артында кейінгі ұрпаққа жарық жұлдыздай жол көрсетіп, жөн-жоба сілтейтін көптеген өнегелі өсиет сөздер қалды. Олар ел жадында жатталып, қалауы бұзылмаған саф алтындай таза күйінде бүгінгі ұрпаққа жеткен. Күміс көмей кемеңгер бидің шешендік сөздері айтпақ ойының ұшқыр да тапқырлығымен, тап басатын көркем тенеулерінің дәлдігімен, тілінің өткір де айқындығымен ерекшеленеді. Оның тұжырымы терең толғаулары, суырып салма тақпақтап айтқан сөздері тыңдаушы ойында тез сақталатын нақылға толы мақал түрінде өрілген: «Тату болса – ағайын жақын, Адал болса – дос жақын», «Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман», «Байлық - мұрат емес, жоқтық - ұят емес». Сондықтан Қазыбек биден бізге жеткен мұра халық қазынасының алтын қорынан лайықты орын алған.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. Алтын Орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. 3 том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2006. – 536 б.
2. Төрекүл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан», 2001. – 592 б.
3. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін)  
XV–XIX ғасырлардағы қазақ философиясының тарихи сипаттамасы / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014.-304б.
4. Билер сөздері /құрастырған Т. Кәкішев/. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 160 б.

## **ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ДАНАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАБИҒАТЫ**

**А.С. САГАТОВА**

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті,  
философия ғылымдарының кандидаты*

Елді елдікке, ынтымаққа, бірлікке бастайтын және сол жолда жанын сала күрескен саяси қайраткерлерді туғызатын – заман. Қазақ халқы өзінің бұрынғы-соңғы тарихында небір қилы замандарды өткізген. Тарихқа көз жіберер болсақ, елдің есі мен санасында ұзақ уақыттан бері сақталып келе жатқан небір орасан оқиғалардың салықалы соқпақтарын аңғарамыз. Сол соқпақтардың бойында еліне елеулі еңбек сіңіріп, қаһармандық қызмет атқарған ірі тұлғалардың өмірі мен тарихта қалдырған іздері әлі күнге дейін сайрап жатыр. Халық өз басына қатер төнген шақтарда, тағдыры таразы басына түскен алмағайып сәттерде бар күш-қайратын, әлін зобалаңға қарсы қойып, ақыл-парасатымен, білімімен, білегінің